

Әкімшілік-аумақтық бірліктерді тарату туралы

Атырау облыстық Мәслихатының 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 68-III және Атырау облысы әкімінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N№6 бірлескен шешімі. Атырау облысының әділет Департаментінде 2004 жылғы 12 ақпанда N 1837 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N№148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңының 5, 8, 11-баптарына сәйкес облыстық мәслихат пен облыс әкімияты шешім е т е д і :

Тұрғындары көшіп кетулеріне байланысты, төмендегі елді мекендер таратылып, есептік деректемелерден шығарылсын:

Жылой ауданы бойынша:

Биікжал поселкесі;

Мұнайлы поселкесі;

Қара-Арна селолық округінің Ащысай селосы;

Қосшағыл поселкелік округінің Шұбыртпалы селосы.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Атырау облысының әкімі

Облыстық мәслихаттың хатшысы